

15 қыркүйек 2025 ж.

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**Moody's рейтинг агенттігі BCC Invest компаниясының рейтингін көтерді**

**Moody's халықаралық рейтинг агенттігі BCC Invest компаниясының ұзақмерзімді корпоративтік рейтингін Ba2 деңгейіне дейін, сондай-ақ контрагенттің шетел және ұлттық валютадағы тәуекел рейтингтерін (CRR) Ba2 деңгейіне көтерді, болжам – «Тұрақты».**

BCC Invest компаниясының стратегиялық жоспарларының нәтижесі мен іске асырылуы, сондай-ақ бас компания – ЦентрКредит Банкінің рейтингінің Ba1 деңгейінен Baа3 деңгейіне дейін көтерілуі ұзақмерзімді корпоративтік рейтингті көтеруге ықпал етті, бұл өз кезегінде BCC Invest компаниясына деген сенім кредитін арттырады.

Агенттік атап өткендей, бас компанияның жоғары кредиттік қабілеті қажет болған жағдайда BCC Invest-ке қолдау көрсету қабілеті жоғары болуын қамтамасыз етеді. Агенттіктің ақпаратына сай BCC Invest-тің қаржылық көрсеткіштері тұрақты болып қалмақ.

Moody's атап өткендей, BCC Invest-тің тәуекелге бейімділігі қалыпты, оған компанияның консервативті инвестициялық позициясы дәлел: инвестициялық портфельдің 95%-ы тіркелген кірісі бар мемлекеттік бағалы қағаздарға немесе тұрақты ірі корпоративтік бағалы қағаздарға, оның ішінде квази-егеменді секторға инвестицияланады.

*«Компания қаржыландыру тәуекелін төмен деңгейде ұстап тұрып, көбінесе өз капиталына және бас компанияның қаржыландыруына сүйенеді», – деп жазылған агенттіктің жарияланған хабарламасында.*

Рейтингтер сондай-ақ компанияның Қазақстандағы меншікті активтеріне назар аударуына байланысты шектеулерді, қазақстандық капитал нарығының тереңдігі мен жетілуі жеткіліксіз екенін, сондай-ақ инвестициялық циклдер мен ақша-кредит саясатына негізделген жүйенің циклділігін ескереді.

2024 жылдың қыркүйек айында BCC Invest компаниясы Moody's компаниясынан Ba2 деңгейінде корпоративтік рейтингін тұңғыш рет алғанын айта кеткен жөн.

*«BCC Invest-тің рейтингін көтеру біздің жүйелі жұмысымыздың нәтижесін және бүкіл топтың дұрыс таңдалған стратегиясын көрсетеді. Біз*

*тұрақты және орнықты дамудың ұзақмерзімді стратегиясын ұстана отырып, бизнестің тиімділігін одан әрі арттыруға ниеттеніп отырмыз», – деп атап өтті «BCC Invest» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Әлібек Оразақов.*

#### **Компания туралы**

BCC Invest инвестициялық компаниясы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында 1998 жылдан бастап қызметін жүзеге асырады және брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару, қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметтерін көрсетеді. BCC Invest – ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

ҚР ҰБ бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензиясы.

#### **БАҚ-пен байланысушы тұлға:**

Талита Жуматаева, тел.: +7 701 100 36 83  
e-mail: [tzhumatayeva@bcc-invest.kz](mailto:tzhumatayeva@bcc-invest.kz)